

# МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ МАНСАП ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

3 қараша күні Маркетинг және мансап департаменті директоры м. а Арман Диханұлы Түркістан облысы, Түлкібас ауданы мектептеріне кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.



2023 жылдың 10 қараша күні Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ Маркетинг департаментінің директоры м. а Кылышбаев Арман мен Орталық Азия инновациялық университетінің ағылшын тілі оқытушысы Окере Арнольд бірлесе отырып, Ы. Алтынсарин атындағы № 65 мектеп-гимназиясында кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.





2023 жылдың 9 қараша күні Түркістан облысы Білім беруді дамыту орталығы «BOLASHAQ» «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы және Жоғары оқу орындарының өкілдерімен бірге «Өскенде кім боласыз?» кәсіби бағдар беру жобасында ZOOM конференциясында жиналыс өткізді. Бұл іс-шарада Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Б.Қ. Исабек баяндама жасады. Баяндама барысында университеттің қалыптасу тарихы, даярланатын білім беру бағдарламалары, магистратура мен докторантураға түсу ережелері туралы жан-жақты мәлімет берілді. Сонымен қатар оқу корпустары, жатақхана, әскери кафедра туралы да мәселелер айтылды. Конференцияға қатысқан түлектер мен ата-аналар университетке қызығушылық танытып, көп сұрақтар қойылып, тұжырымды жауаптар алды.



4 қарашада Маркетинг департаментінің директоры м. а. Арман Диханұлы департаментке қарасты тыңдаушылармен жиналыс өткізді. Университетімізде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен тілдік дайындығының деңгейін арттыру үшін қабылданған тыңдаушылар оқиды. Бұл тыңдаушыларды қабылдау туралы ережені ұсынсақ: Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдауды 1 шілде мен 10 тамыз аралығында ЖОО-ның қабылдау комиссиялары жүргізеді.





Бүгін 24 қараша күні Қазығұрт ауданының Заңғар жалпы білім беретін мектебінің оқушыларына Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде "Ашық есік күні" жоспарына сәйкес, Маркетинг департаменті директоры м.а А.Д.Кылышбаев пен департамент мамандары кәсіптік бағдар беру жұмыстары бойынша университет туралы жалпы мағлұмат беріп, университеттің ішкі құндылықтарымен таныстырды. Оқушылар оқу ордасындағы кітапхана, робототехника кабинеті, асхана, спорт зал, «Coworking» орталығы мен жатақхана орындарын аралады. Сонымен қатар, университетіміздің білім беру базасы, педагогикалық мамандықтардың артықшылықтары, заманауи мүмкіндіктері мен ерекшеліктері, ЖОО-ның Халықаралық және Республикалық педагогикалық білім беру мекемелерінің арасындағы рейтингі, білім алушыларға берілетін әлеуметтік қолдаулар және ЖОО дайындайтын білім беру бағдарламалары туралы толық ақпарат берілді.



2023 жылдың 22 қараша күні Маркетинг департаменті директоры м.а. А.Д.Кылышбаев, департамент мамандары мен университетіміздегі факультет және кафедралардың кәсіби бағдар беру жұмыстарына жауапты оқытушылары қатысқан жиналыс өтті. Күн тәртібінде: Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіне талапкерлерді тарту және университетті жарнамалау мақсатында кафедраларға қарасты мамандықтар туралы бейнероликтер мен таратпа материалдар түсіріп, әлеуметтік желілерге (Instagram, Facebook, Telegram) жүйелі түрде салу. Шымкент қаласы мен Түркістан облысы аудандарында бекітілген мектептерде кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу. Әр мектепке бір оқытушы жыл бойы жұмыс істеу үшін кеңесші ретінде бекіту және жыл бойы кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу сынды мәселелер талқыланды.





17 қараша күні Арман Диханұлы Павлодар қаласында орналасқан Торайғыров университеті және Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетіне іс-сапарға барды.





2023 жылдың 28-29 қараша күндері М. Әуезов атындағы ОҚУ-да Докторантура емтихандары бойынша кешенді тестілеу өткізілуде. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінен аймақтық комиссия мүшелері: Исабек Баршагүл Қашқынқызы, Байырбекова Лаззат Мырзахановна, Кылышбаев Арман Диханович, Косауова Акерке Колдасыновна және де Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ қызметкерлері тиісті жұмыстарды атқаруда.



2023 жылдың 1 желтоқсанында Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, Академиялық ағылшын тілі инструкторы Jeremy Spring және Академиялық және студенттер ісі бойынша аға менеджері Ақерке Аяғанова «Білім берудегі көшбасшылық саласындағы ғылым магистрі», «Көптілді білім беру саласындағы магистр» және «Білім берудегі ғылым докторы Ph.D» бағдарламалары бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Аталмыш іс-шараға 4-курс студенттері, магистранттар және университет оқытушылары қатысты. Түсіндірме жұмыстары барысында қатысушылар сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды.





ДАЙЫНДЫҚ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНАН СЫНАҚ ТЕСТ АЛЫНДЫ.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ Маркетинг департаментіне қарасты "Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын қазақ ұлты", "Қазақстан Республикасының азаматтары тілдік курстар" атты 2 бағыт бойынша қабылдаған тыңдаушылардан ай сайын сынама тест алынып тұрады.





Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Маркетинг департаментінің директоры А.Д Кылышбаев және Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ жанындағы Ж. Аймауытұлы атындағы колледждің әдіскері Г. У. Кенжебаева Бадам елді мекені Ұлағат жалпы білім беретін мектепке барып " Өз мамандығыңның иесі бол" атты іс-шараға қатысып, кәсіби бағдар жұмысын жүргізді.



**2023-2024 оқу жылында Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ ПОҚ-ның  
кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуге арналған  
Түркістан облысының аудандары және Шымкент қаласының  
мектептері мен колледждерінің факультеттерге бөлінуі**

	Факультет атауы	Түркістан облысының қалалары мен аудандары	Шымкент қаласының мектептері	Түркістан облысы және Шымкент қаласының колледждері
	Жаратылыстану факультеті Декан: Айтбаева Айгүл Ергенқызы	Қазығұрт Жетісай Мақтарал	1-21 аралығындағы мектептер, Назарбаев зияткерлік мектебі, №12 мектеп-интернаты	Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық колледжі, «Мырзакент» көпсалалы колледжі, А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледж, Жетісай гуманитарлық колледжі.
	Физика-математика факультеті Декан: Ибашова Альмира Байдабековна	Арыс Бәйдібек Ордабасы	22-38 аралығындағы мектептер, Назарбаев зияткерлік мектебі, Үш тілде оқытатын №2 мектеп-интернаты, №8 М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған гимназия	Арыс гуманитарлық-техникалық колледжі, Асыл-Ой колледжі, «Жалын» әлеуметтік-педагогикалық колледжі.

	<p><b>Филология факультеті</b>  <b>Декан:</b>  <b>Масалиева Жанар Аамалбаевна</b></p>	<p><b>Отырар Созақ Түлкібас</b></p>	<p><b>39-60 аралығындағы мектептер, Үш тілде оқытылатын мамандандырылған №1 мектеп-интернаты, , №1 «Білім-инновация» қыз балалар лицей-интернаты (КТЛ)</b></p>	<p><b>Оңтүстік Қазақстан «Мирас» экономикалық-технологиялық колледжі, Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-техникалық колледжі, Отырар колледжі, «Парасат» колледжі, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық колледжі. Ақсукеңт көпсалалы колледжі,</b></p>
	<p><b>Өнер және білім факультеті</b>  <b>Декан:</b>  <b>Байбатшаева Айдайкыз Еркінбековна</b></p>	<p><b>Сарыағаш Келес Шардара</b></p>	<p><b>61-90 аралығындағы мектептер, «Өнер» мектеп-интернаты</b></p>	<p><b>Ә.Қастеев атындағы Оңтүстік Қазақстан өнер және дизайн колледжі, Оңтүстік Қазақстан Саз колледжі, Оңтүстік Қазақстан «Арыстанбаб» колледжі, «Сарыағаш» көпсалалы колледжі, Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі.</b></p>
	<p><b>Дене шынықтыру және спорт факультеті</b>  <b>Декан:</b>  <b>Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы</b></p>	<p><b>Түркістан Кентау Сауран</b></p>	<p><b>91-110 аралығындағы мектептер, Б.Саттарханов атындағы дарынды балалар спорт мектебі</b></p>	<p><b>Түркістан «Болашақ» колледжі, Түркістан гуманитарлық-техникалық колледжі, Түркістан индустриалды-педагогикалық колледжі, Этнопедагогикалық колледжі, Түркістан кәсіптік педагогикалық колледжі, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің «Түркістан Қ.А.Ясауи» кәсіптік колледжі, «Тұран» колледжі, Кентау гуманитарлық-техникалық колледж (Яссы), «Кентау көпсалалы колледжі, Түркістан кәсіптік-педагогикалық колледжі</b></p>
	<p><b>Тарих және педагогика факультеті</b>  <b>Декан:</b> Таутаева Гүлдарига Батыршақызы</p>	<p><b>Төлеби Сайрам Ақсу</b></p>	<p><b>111-128 аралығындағы мектептер №2 «Білім-инновация» ұл балалар лицей-интернаты (КТЛ)</b></p>	<p><b>«Авиценна» колледжі Оңтүстік Қазақстан «Фемида» колледжі,</b></p>



**Жаратылыстану факультеті**

2023 жылдың 27 қараша күні Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Жаратылыстану факультетінің деканы а.ш.ғ.к., доцент А.Е.Айтбаева Түркістан облысы Мақтарал ауданының бірқатар мектебінде 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар бойынша жұмыстар жүргізді. Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларға педагогикалық мамандықтар әлемі туралы түсіндіріп, олардың мазмұны



2023 жылдың 20-шы қараша күні Жаратылыстану факультеті, География кафедрасының магистр-оқытушысы Г.Т.Алимбекова Түркістан обл., Жетісай ауданының «№57 «Сарыарқа» ЖББМ» КММ, «№58 Н.Нұрбаев атындағы ЖББМ» КММ, «№59 Я.Есенбеков атындағы ЖББМ» КММ, «№54 І.Есенберлин атындағы ЖББМ» КММ, «№73 ЖББМ» КММ-не барып, кәсіби-бағдар жұмыстарын жүргізіп келді.

Оқушыларға мамандық пен ЖОО таңдаудың маңыздылығы мен өзекті мәселелерін түсіндірді. ЖОО-мыздың студенттерге арналған ҚР мен шетелдік ЖОО-на академиялық ұтқырлықпен бара алатынын, шәкіртақылар туралы және заманауи жатақхана, кітапхана, студенттік үйірмелер және т.б.. мүмкіндіктерді толық түсіндіріп, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-іне оқуға шақырды.





2023 жылдың 21 желтоқсан күні «Химия» кафедрасының аға оқытушысы Есеналиев Е.Т. Түркістан облысының білім басқармасының «Маржан Тасова атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №12 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне барып, 11А,Б,В сыныптарында оқитын 46 оқушыға кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізіп келді. Кездесу барысында мектеп түлектеріне университетіміздің терең тарихы, қазіргі материалдық базасы мен Студенттер үйі, заманауи жабдықталған лабораториялық кабинеттер, оқу жүйесі мен дайындайтын білім беру бағдарламалары туралы мағлұматтар кең түрде таныстырылды. Сонымен қатар, келешекте университет пен мектеп байланысын дамыту мақсатында, мектеп директоры Өскенбай Ғалымжан Зұлпыхарұлымен екі жақты ынтымақтастық туралы Меморандум құруды талқылады.



Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Жаратылыстану факультеті, «Химия» кафедрасының доценті Шитыбаев С.А., аға оқытушы Шаймерденова М.А., магистр оқытушы Үсенбай А.Ү. 2023 жылдың 25 желтоқсан күні Шымкент қаласындағы №14 Айбек атындағы ЖОББМ мекемесіне барып, 11А,Б,В,Г сыныптарында оқитын 56 оқушыға кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізіп келді. Кездесу барысында мектеп түлектеріне университетіміздің терең тарихы, қазіргі материалдық базасы мен Студенттер үйі, заманауи жабдықталған лабораториялық кабинеттер, оқу жүйесі мен дайындайтын білім беру бағдарламалары туралы мағлұматтар кең түрде таныстырылды.





Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Жаратылыстану факультеті, Химия кафедрасының оқытушысы Забынбекова Таңшолпан 2023 жылдың 22 желтоқсан күні Шымкент қаласындағы №12 М.Горький атындағы ЖОББМ мекемесіне барып, 11 сынып түлектеріне кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізіп келді. Кездесу барысында университетіміздің дайындайтын мамандықтары, таңдау пәндері туралы ақпараттар, сұрақтарға жауап берілді.





Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Жаратылыстану факультеті, «Химия» кафедрасының доценті Битемирова А.Е. , оқытушы Туймебаева Г.Е. 2023 жылдың 26 желтоқсан күні Шымкент қаласындағы №11 А.Навои атындағы ЖОББМ мекемесіне барып, 11А,Б,В,Г орыс,қазақ және өзбек сыныптарында оқитын 102 оқушыға кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізіп келді.

Кездесу барысында мектеп түлектеріне университетіміздің терең тарихы, қазіргі материалдық базасы мен Студенттер үйі, заманауи жабдықталған лабораториялық кабинеттер, оқу жүйесі мен дайындайтын білім беру бағдарламалары және академиялық ұтқырлық бойынша шетелде білім алмасу мүмкіндіктері туралы мағлұматтар кең түрде таныстырылды.



# Тарих және педагогика факультеті

2023 жылдың 28 қараша күні Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Тарих және педагогика факультеті Шымкент қаласындағы 135 жалпы орта білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырған "Балалық шақтан болашаққа бағдар" тақырыбында кәсіби бағдар сағатына қатысып қайтты.





Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ Тарих және педагогика факультеті «Психология» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Тұрмаханова Сапаржан Әкімқызы Психология кафедрасының №1 28.08.2023ж. хаттамасына сәйкес 07.12.2023ж. Шымкент қаласы Таскен елді мекеніндегі ЖНМ №115 мектепке кәсіби бағдар жұмысын жүргізіп қайтты. Жоғарыда аталған жалпы негізгі мектепте оқу орнымызда қазіргі таңда ашылып, іске қосылғалы жатқан колледжге насихат жұмысы жүргізілді. Әңгіме барысында адамзат қоғамындағы ең қастерлі мамандық педагог екендігі колледжде білім алып, ары қарай осы оқу орнында жалғастыруға мүмкіншіліктің орасан зор екендігін түсіндірді.



Шымкент қаласының 127 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023 жылдың 11 желтоқсанында Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының аға оқытушысы т.ғ.к. Мырзалиева Эльмира Қазбекқызы кәсіби бағдар жұмысын жүргізді.

11 “А”, 11 “Б”, 11 “В” сыныптарының оқушыларына Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университетінің мамандықтары мен материалдық базасы, ғылыми потенциалымен таныстырды.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/100063959243730/videos/275119158478550/>

# Филологія факультеті



Қазан айының 26-сы күні Қазақ тілі мен әдебиеті, Орыс тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі және Шетел тілдер кафедраларының оқытушылары - Омаров Т. К, Пулатова М. К, Канаева Л. С, Барикұлов Р. Н Шымкент қаласындағы №87 және де №137 жалпы орта мектептерінде кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті Филология факультетінің Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы 2023 жылғы 14 қараша күні Сайрам ауданындағы «Манкент», «А.Навои», «Сұраншы батыр», «Бабур», «Әл-Фараби», «А.Құрмантаев», «Ибрагим ата» мектептерін шақырды. Кездесу барысында «Я выбираю профессию филолога» тақырыбында дөңгелек үстел әдісін қолдана отырып, кәсіби бағдар жұмысын жүргізді. Оқушыларға кафедра меңгерушісі ф.ғ.к. Э.А.Орынбетова және п.ғ.к., доцент О.А.Стычева, ф.ғ.к., доцент Г.Б.Маханова, п.ғ.к. М.К.Пулатова, аға оқытушы С.Ж.Ниязбекова түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, жас тұлғалар өздерін қызықтырған сұрақтарына толыққанды жауап алды.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/100063959243730/videos/865121535097031/>

2023 жылдың 22 қараша күні Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Филология факультетіне қарасты кафедралардың оқытушылары Т.Омаров, М.Полатова, Л.Канаева, С.Балқыбекова «№46 мектеп-лицейі» КММ-не барып, кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізіп келді. Оқушыларға мамандық пен ЖОО таңдаудың маңыздылығы мен өзектілігін түсіндірді. ЖОО-мыздың студенттерге арналған ҚР мен шетелдік ЖОО-на академиялық ұтқырлықпен бара алатынын, шәкіртақылар туралы және заманауи жатақхана, кітапхана, студенттік үйірмелер және т.б.. мүмкіндіктерді толық түсіндіріп, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-іне оқуға шақырды.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/100063959243730/videos/1678315239326789/>

- Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Филология Факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен Отырар ауданының мектеп бітіруші түлектеріне кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді.
- Кафедраның аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Тоғатай Омар бастап барған топта факультеттегі осы салаға жауапты маман ф.ғ.к., аға оқытушы Полатова Мадина, Студенттер деканы, айтыскер ақын, кафедраның 2-курс білімгері Болысбек Даниал, т.б.оқытушылар бар.
- Аудан орталығындағы "Жамбыл" мектебінің үлкен мәжіліс залына Жамбыл атындағы орта мектеп, Ө.Жәнібеков атындағы орта мектеп, Ш.Қалдаяқов атындағы орта мектеп, С.Әшіров атындағы орта мектеп, Т.Ибрагимов атындағы орта мектеп, Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп, Көкмардан орта мектебі, Темір орта мектебі, тағы басқа мектептердің 11-сынып оқушылары қатысты.
- Тоғатай Қалтайұлы университет тарихына тоқталып, онда даярланар мамандықтар, оқытушы-профессорлар құрамы туралы мәлімет берді.
- Болысбек Даниал Ө.Жәнібеков есімін иеленген білім қарашаңырағындағы студенттік өмірді қызықты етуге бағытталған іс-шаралар, түрлі үйірме, бірлестіктер туралы айтты. М.Полатова биылғы ҰБТ-дағы өзгерістер жайын сөз етті.
- Сілтемесі: <https://www.facebook.com/100063959243730/videos/875802637260573/>



Ағымдағы жылғы 29 қарашада Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті Филология факультетінің Орыс тілі мен әдебиеті және Шетел тілдері кафедраларының меңгерушілері ф.ғ.к. Э.А.Орынбетова, А.К.Дилдабекова және п.ғ.к., аға оқытушы М.К.Пулатова Сайрам ауданының С. Сейфуллин атындағы № 20 мектеп-гимназия, М. Горький атындағы № 5, Бабыр атындағы № 7, М. Сапарбаев атындағы № 14 және № 83 жалпы білім беретін мектептерінде кәсіптік бағдар жұмысын өткізді.

Шараның негізгі мақсаты оқушыларды университеттің педагогика мамандықтарымен таныстыру, оларды алу жолдары, жоғары оқу орынды бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы хабардар ету, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды насихаттау болып табылады.

Кездесу барысында университет оқытушылары мектептердің оқушылары мен педагогтардың сұрақтарына жауап берді, олардың арасында толыққанды түсіндіру жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ ақпараттық брошюлар таратылды. Тағылымы мол шараға мектеп түлектері мен мұғалімдері дән риза болып, алғыстарын білдірді.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/100063959243730/videos/865121535097031/>

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Филология факультеті, Шетел тілдері кафедрасының оқытушылары Л.Канаева мен Л.Касымбекова 21 желтоқсан күні Шымкент қаласы, Құрсай елді мекеніндегі № 49 жалпы орта білім беретін мектебінде кәсіби бағдар жұмысын жүргізді. Оқушыларға мамандық пен университет таңдаудағы маңыздылық жөнінде кеңестер берілді. Университетіміздің педагогика мамандықтарын, студенттерге арналған заманауи оқу ғимараттары мен жатақханалар жағдайы, Қазақстан ішінде не шетелдік ЖОО-на академиялық ұтқырлық бағдарламасымен бару мүмкіндігі, кітапхананың жабдықталуы, студенттік үйірмелер, т.б. мүмкіндіктер туралы толыққанды ақпарат айтылып, сұрақтарға жауаптар берілді.



**Өнер және білім факультеті**



7 қараша күні Өнер және білім факультеті Ордабасы ауданы, Темірлан елді мекені, С.Нұрмағамбетов атындағы жалпы білім беретін мектебіне кәсіби бағдар жұмысын жүргізді. Оқушыларға мамандық таңдауда еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, біздің Оқу ордамыздың артықшылықтарымен таныстырды.



Ағымдағы жылдың 17-ші қараша күні С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ Кәсіптік оқыту және бейнелеу кафедрасынан кәсіби бағдарға жауапты маман Маханов Тұрсынхан Шалабайұлы кәсіби бағдар жұмысын жүргізді.






2023 жылдың 29 қараша күні Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Өнер және білім факультеті, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту кафедрасының оқытушысы Аймурзаев Фазылхан Шымкент қаласындағы № 64 Ж. Аймауытов атындағы мектеп-гимназиясында кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.



2023 жылы желтоқсанның 4 жұлдызында №72 мектепте «Мамандығым мақтанышым» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Бұл іс-шараға Өнер және білім факультеті Кәсіптік оқту және бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к., Т.Ш.Маханов қатысты. Іс-шараны өткізу барысын мектеп білім алушылары өздерінің таңдаған мамандықтары туралы әр-түрлі сценалар құрды. Өз кезегінде Іс-шара барысында Өзбекәлі Жәнібеков атында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қабырғасында оқытылатын мамандықтар туралы мағлұматтар берілді. Мектептің білім алушылар тарапынан көкейде жүрген түрлі сұрақтар қойылды, сол сұрақтар талқыға түсіп керекті қосымша мәліметтер бердік.





Қаламыздағы К.Циолковский атындағы №84 жалпы орта білім беретін мектебіне "Музыкалық білім" кафедрасының профессор-оқытушылары кәсіби бағдар жұмысы бойынша барып, 9-11 сынып оқушыларымен кездесті. Кездесу барысында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқу жүйесі жайлы, 6В01403-"Музыка мұғалімін даярлау" білім беру бағдарламасымен таныстырып, оқушыларға толық ақпарат берді.



07.12.2023 жылы Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Өнер және білім факультеті, Мектепке дейінгі тәбиелеу және оқыту педагогикасы кафедрасының оқытушысы Танабаева Гүлмира Шымкент қаласындағы 66 Қазығұрт жалпы орта мектебінде кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.





2023 жылдың 28 желтоқсанында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің, Өнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушысы Жаңбыршиев С.Н. 77 жалпы орта мектебінде кәсіби бағдар жұмысын жүргізді. Университетімізде оқытылатын білім беру бағдарламалары мен студенттерге жасалынатын мүмкіндіктер жайлы таныстырды.



# Фізика-математика факультеті



05.12.2023 жылы Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Физика-математика факультеті ұжымы Шымкент қаласындағы Ю.А.Гагарин атындағы N34 жалпы орта мектебінің 11-сынып оқушыларымен кәсіби-бағдар жұмыстарын жүргізді. Кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу кезінде "физика", "информатика" және "математика" кафедраларының кәсіби бағдар жұмыстарына жауапты қызметкерлері белсенділік танытты. Кәсіби бағдар жұмысы барысында оқушыларға университет туралы және білім беру бағдарламалары туралы жан-жақты таныстырмалы ақпараттар беріліп, мамандықтар бойынша ақпараттық жарнама парақшалар таратып берілді. Оқушыларға Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің кітапханасы, спорт кешендері, кафедралардың лабораториялық жабдықтары, робототехника кабинетінің құралдары, жатақханасы көрсетілді. Оқушылар өздерін қызықтыратын мамандықтары туралы сұрақтарына толық жауап алды. Кафедралардың ұжымы кездесу барысында оқушыларды Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің білім беру бағдарламаларын таңдауға, оқуға шақырды.



17 қараша күні Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам елді-мекенінің Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беру мектебіне Информатика кафедрасының оқытушысы Алдешов С., Математика кафедрасының оқытушылары Ниязымбетов А., Қаратаев А. кәсіби бағдар жүргізді. Кәсіби бағдар беру барысында Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ дайындайтын барлық білім беру бағдарламалары туралы және де сол педагогикалық мамандықтарға түсу балы туралы, оқуға қабылдау ережелері туралы жан-жақты ақпарат берді.





Қ. Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп- лицейінде ұйымдастырылған «Қазіргі ғылыми зерттеу жұмыстарының тенденциялары » атты іс шараға Физика кафедрасының меңгерушісі Б.С. Уалиханова қатысып, сөз кезегінде кәсіби бағдар бойынша ақпаратпен таныстырып қайтты, оның ішінде: Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытатын бакалавриат бойынша оқу бағдарламасы туралы, Гази университетімен бірлескен диплом «Физика» және «Ағылшын тілі» білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатынын атап өтті. Атылмыш мектепте жалпы мұғалімдердің 30 пайызы ғана магистрлік дәрежеге ие, сондықтан мұғалімдерді сапалы білімін шыңдау үшін магистратураға оқуға шақырды.

Сонымен қатар, мұғалімдердің пікірін тыңдау арқылы ғылыми жұмысқа сұраныс бар екені анықталды, мектепте жұмыс жасап жүрген, ағылшын тілі сертификаты бар магистр мұғалімдерді докторантура бойынша 8 бағытта оқытылатынын алға тартып, білім ошағын таңдаса қол жеткізетін университет ерекшеліктері туралы баяндады.



Қараша айының 22-күні Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық Университеті, Физика кафедрасынан PhD Уалиханова Б.С., х.ғ.к., доцент Абдрахманова Хадиша Кенесовна мен ф.-м.ғ.к. Рахашев Бақытғали “Grant +” білім беру орталығында кәсіби бағдар жұмыстары бойынша абитуриенттермен танысу және Университетте студенттерге жасалған жағдайлар мен беретін мүмкіндіктерін баяндады.

“Grant +” білім беру орталығында Физика-математика бағытын таңдаған абитуриенттер саны- 172, Информатика- математика бағытында - 101 абитуриент, Химия-биология бағытын таңдағандар - 122, География-математика бағытында - 46, География -биология бағыты бойынша - 60, Ағылшын тілі - дүние жүзі тарихы бойынша - 63, Шығармашылық ( дене шынықтыру, бейнелеу, сызу) бағыты бойынша - 29, жалпы саны - 572 абитуриент білім алуда. Оның ішінде, 04 қыркүйектен бастап: Шымкент қаласының- 116, 96, 69, 130,38, 80,41, 125, 85,83, 74,103, 65, 50,47,64, 49, 7, 25,79, 9, 38, 87, 1, 52, 25, 26, 35,62, 72, 68, 58,131, 66, 62, 44,51,28, 16,63,12, 137, 135, 40, 135, 136, 41, 49, 75, 90, 77, 102, 33, 129, 27, 16, 126, 131, 18,2, 97, 20, 30, 28, 132, 53, Жвлын, Эль Фараби, FinBridge, А.Құнанбаев, Парасат мектептеренен - 450 абитуриент, Түркістан облысына қарасты, Төле би, Ленгер, Түлкібас, Ақсу, Саурам, Шұбарсу, Абай, Боралдай, Үрбұлақ, Ынтымақ, Бәйдібек, Арыс, Қазығұрт, Темірлан, Ордабасы, Ақбұлақ, Төрткөл, Отырар, С. Датқаұлы ауыл, аудандарынан - 122 абитуриент Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ оқытушылары баяндамасынан академиялық ұтқырлықпен шет елдерге шығу мүмкіндігі мен Гази Университетімен бірлескен, қос дипломдық қызығушылық танытты.

Алдағы уақытта оқу ордамызға кәсіби бағдар жұмыстарымен шақыру жалғасын таппак.





# Дене шынықтыру және спорт факультеті

2023 жылдың 29 қараша күні Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Дене шынықтыру және спорт факультеті, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасының оқытушылары Турдалиев Алдияр, Басынбеков Қайрат Шымкент қаласының 105 жалпы орта мектебінде кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. Университетіміздің білім базасы мен студенттерге жасалынатын мүмкіндіктер жайлы кеңінен мағлұмат берді.



2023 жылдың 1 желтоқсан күні Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Дене шынықтыру және спорт факультеті, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасының оқытушысы Сотов Виктор Викторович Шымкент қаласының 104 Е.Юсупов атындағы жалпы орта мектебінде кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.





2023 жылдың 5 желтоқсанында Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Дене шынықтыру және спорт факультеті, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы оқытушылары Байдосова Азиза мен Ускеналиев Азамат Сайрам ауданы № 106 жалпы орта мектебінде кәсіби бағдар жұмысын жүргізді. Оқу ордамыздың білім беру бағдарламаларымен таныстырып, оқуға шақырды.





2023 жылдың 6 желтоқсанында Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Дене шынықтыру және спорт факультеті, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы оқытушылары Темірханов Музафар мен Шалхар Ұлдана Шымкент қаласы 102 мектебінде кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.



2023 жылдың 5 желтоқсанында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Дене шынықтыру және спорт факультеті, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы оқытушылары Бекбосунов Аңсар Құралұлы мен Ганнота Михаил Васильевич Шымкент қаласының №110 З.У. Хусанов атындағы мектепте кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.





2023 жылдың 22 желтоқсанында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің, Дене шынықтыру және спорт факультеті, Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасының оқытушылары Жусипова Гулмира, Жумабаев Арман, Катешов Маді, Усаев Усен, Батаев Дулат, Айдарбеков Көпжасар Шымкент қаласының № 97, 94, 99, 100, 91, 98, 92 жалпы орта білім беретін мектептерінде кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.





2023 жылдың 25 желтоқсанында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің, Дене шынықтыру және спорт факультеті, Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасының оқытушылары Усаев Үсен, Егембердиев Нышанбек, Жумабаев Арман Жаңаталап елді мекенінің № 93 жалпы орта білім беретін мектебінде кәсіби бағдар жүргізді. Университетімізде оқытылатын білім беру бағдарламалары мен студенттерге жасалынатын мүмкіндіктер жайлы таныстырды.



# ҰСЫНЫСТАР

1. Факультеттермен тығыз байланыс орнату
2. Факультеттердің оқытушыларымен жұмыла отырып, әлеуметтік желіде белсенділікті арттыру
3. Студенттер арасында әлеуметтік желіде ОҚПУ-дің танымалдылығын арттыратын онлайн жарыстар өткізу

Назарларыңызға рақмет!